

САЛЫҚ
ЖЕҢІЛДІКТЕРІ
ҚАЛАЙ ЖҰМЫС
ІСТЕЙДІ?

Қазақстанда 2026 жылы 1 қаңтардан бастап жаңа Салық кодексі бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтушыларға арналған арнайы салық режимі енгізіледі. Бұл режим аз мөлшерде табыс табатын азаматтарды, сондай-ақ қызметкерлерді тартпай, іс-шараларды эпизодтық негізде жүзеге асыратындарды, оның ішінде интернет-платформалар арқылы жұмыс істейтіндерді қолдауға бағытталған.

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті атап өткендей, өзін-өзі жұмыспен қамтушыларға арналған арнайы салық режимі Салық кодексінің 77-тарауында бекітілген. Оны Қазақстан азаматтары мен қандастары егер олар жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген болса, жалдамалы қызметкерлерді тартпайтын болса және 2025 жылғы 21 қарашадағы №994 Үкімет қаулысымен рұқсат етілген қызмет түрлерін жүзеге асырған жағдайда қолдана алады.

Режимді қолданудың негізгі шарттарының бірі – табыс мөлшері. Ол бір күнтізбелік ай үшін АЕК-тің 300 есе шамасынан аспауы тиіс. 2026 жылы бұл шек шамамен 1,3 млн теңге болады, – деп хабарлады ведомстводан.

Мемлекеттік кірістер комитеті арнайы режим бірнеше артықшылықты қарастыратынын атап өтті. Атап айтқанда, өзін-өзі жұмыспен қамтушыларға жеке кәсіпкер ретінде міндетті тіркелу қажет емес. Оларды қосылған құн салығынан босату қарастырылған. Сондай-ақ табыс салығынан толық босатылу қамтамасыз етілген. Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар салық есептілігін ұсыну міндетінен де босатылады.

Бірден-бір міндет – табыстан 4 пайыз мөлшерінде әлеуметтік төлемдерді аудару. Оған міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары (әрқайсысы 1 пайыздан) кіреді, – деп жауап берді Қаржы министрлігі өкілі.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 3-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МАҢЫЗДЫ ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ
МАҚҰЛДАНДЫ



Парламент Сенатының жалпы отырысында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызы зор салаларға қатысты бірқатар заңдар мақұлданды. Сондай-ақ сенаторлардың ауылдық аумақтарды дамыту және ұлттық бағдарламалар мен жобаларды іске асыру мәселелеріне қатысты депутаттық сауалдарына ҚР Премьер-министрі орынбасарының жауабы да тыңдалды.

ТАЛҚЫ

ЖИ ЖАС ЖУРНАЛИСТІ ЖАЛҚАУ ҚЫЛАДЫ

Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдары тығырыққа тірелді. Оған дәстүрлі және жаңа медианың әлі толық ұштасып кете алмауы өз әсерін тигізуде. Бұл мәселе Алматыда «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігі мен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің бірлесіп ұйымдастырған «Цифрландыру дәуіріндегі масс-медиа трансформациясы» деп аталатын ғылыми-практикалық дөңгелек үстелде айтылды.

Бұл маңызды жиын цифрлық технологиялардың дамуы жағдайында отандық масс-медианың трансформациясын, қазіргі журналистиканың жаңа бағыттары, медиа



этика мәселелерін және жасанды интеллектің ақпараттық кеңістікке ықпалын талқылауға арналған болатын.

Қазақша коммуникация бойынша ЕҚЫҰ ұлттық консультанты Айбар Олжайдың айтуынша, осы қалыппен кетсе 2027 жылы Қазақстанда жеке телеарналарды ұстау қиын болады. Нарықта Қазақстан, Хабар, ОРТ сияқты тек мемлекеттік, дотациялық телеарналар ғана қалуы мүмкін. Өйткені жыл сайын жарнамадан 7-8 млрд теңге табыс тауып жүрген телеарналарда жарнама азайған. Енді жарнама нарығы қысқарғандықтан, олардың бюджеті азаятын болады. Сондықтан мемлекеттік телеарналарда қызметкерлерін қысқарту жүруі мүмкін. Жасанды интеллект (ЖИ) оптимизациясынан кейін, дикторлардың барлығын ЖИ ауыстыруы мүмкін.

(Жалғасы 5-бетте)

2-бет



Жерге бай елде
жер дауы неге көп?

6-бет



Әлеуметтену – көп қырлы,
үздіксіз процесс

8-бет



Банкирдің өлімі

ТҮЙТКІЛ

ЖЕРГЕ БАЙ ЕЛДЕ ЖЕР ДАУЫ НЕГЕ КӨП?

Біздің еліміз кең бай-тақ, жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орында тұрса да, азаматтар арасында жер дауы көптеп кездеседі.



Біреулер жаңа қонысты сатып алып, біреулері сыйға алып, енді біреулері мұрагер ретінде иеленіп, сол тұрғын жайға орныққан соң, жер телімінің аумағын зерттей бастайды. Зерттеп келіп, жер телімінің көлемі құқық беретін құжаттарда көрсетілген көлеміне сәйкес келмейтінін анықтап, көршілеріне, арадағы қоршауды өз жер теліміне қарай жылжытуын талап ете бастайды. Ал көршісі оған келісе қоймайды. Бұл жерде айта кететіні, туындаған даудың тараптары қолданыстағы заңды зерделесе, дау сотқа дейін бармай, өзара шешілер еді. Өкінішке қарай, көп жағдайда тараптар қолданыстағы заңды зерделемей, түсінбей, сотқа жүгінеді.

Қолданыстағы заңдар, әрине, өмірімізде, күнделікті тұрмысымызда туындайтын мәселелерді реттеуге бағытталып қабылданатыны сөзсіз. Осы тұста айта кететін екі заң бар. Бірі – 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңы, екіншісі – 2003 жылғы 20 маусымдағы «Жер кодексі».

«Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 19-бабы 1-тармағында тұрғын үй, сондай-ақ салынып бітпеген тұрғын үй сатылған, сыйға тартылған, мұраға қалдырылған, кепілге берілген жағдайда жер учаскесін меншіктену (жерді пайдалану) құқығы тұрғын үйдің жаңа иесіне тұрғын үйдің бұрынғы иесі ие болған көлемде көшеді делінген. Ал «Жер кодексінің» 61-бабы 2 тармағында ортақ жер учаскесін-

дегі жылжымайтын мүлікке меншік құқығы басқа тұлғаға ауысқан кезде, егер осы кодексте өзгеше белгіленбесе, ол тұлға жер учаскесіне құқықты жылжымайтын мүліктің бұрынғы меншік иесінде болған көлемінде алады делінген.

Сонымен қатар, соттардың аталған дауды шешу кезінде жиі қолданатыны Жоғарғы Соттың «Соттардың жер заңнамасын қолдануының кейбір мәселелері туралы» № 6 нормативтік қаулысы. Осы қаулының 8-тармағында учаскелердің алғашқы иелері болып табылмайтын көршілес учаске иелерінің арасындағы дауда жер учаскелерінің шекарасы қабаттасып орналасқаны анықталса, соттар учаскелердің тарихи қалыптасқан шекарасын негізге алуға тиіс. Екі жер учаскесі меншік иелерінің арасындағы дау басқа адамдар құқығының бұзылуына алып келмеуге тиіс. Сот шешімдері өзге жер учаскелері меншік иелерінің арасында жаңа сот дауының туындауына ықпал етпеуі керек делінген.

Сот практикасында жер теліміне жаңадан иелік құқығын алған тараптың талаптары, әрине, заңсыз болғандықтан қанағаттандырусыз қалдырылады, себебі оған жер теліміне құқығы, бұрынғы иесі ие болған көлемде көшеді.

С. ҚАНАТБАЕВ,
Жетісу аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК

ХАЛЫҚТЫҢ 86 ПАЙЫЗЫ КИБЕРҚАУІПТЕН ХАБАРДАР

Бүгінгі қазақстандықтың күні интернетсіз өтпейді. Бірақ осы цифрлық кеңістікте өзімізді қаншалықты қорғай аламыз?

ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің тапсырысымен жүргізілген республикалық әлеуметтік зерттеу қазақстандықтардың киберқауіпсіздікке көзқарасын көрсетті. Нәтиже бойынша халықтың шамамен 86%-ы киберқауіптер туралы хабардар.

18 жастан асқан 6000 респондент қатысқан зерттеуде 82%-ы «ақпараттық қауіпсіздік туралы білімім жақсы немесе қанағаттанарлық» деп бағалаған. 84,8% респондент фишинг белгілерін танимын, интернет-дүкендерде қауіпсіздік шарасын қолданамын, күмәнді SMS не хат алғанда дұрыс әрекет етемін деп жауап берген.

Дегенмен, статистикада алаңдатарлық жайттар да бар. 14% респондент күмәнді сілтемені «ашып көретінін» айтқан, кей азаматтар барлық жерде бірдей құпиясөз (12%) қолданады немесе парольді мүлде жаңартпайды (7%). Яғни, білім бар, бірақ ол тұрақты әдетке айналмаған.

Құпиясөз мәдениеті біртіндеп қалыптасып келеді: респонденттердің 47 пайызы әр сервиске бөлек, күрделі пароль қолданатынын айтады. Екі факторлы аутентификацияны (2FA) 38% респондент барлық негізгі аккаунттарында қосқан, алайда 19% респондент бұл құралдан мүлде хабарсыз немесе қажетсіз деп санайды екен.

Балалардың қауіпсіздігі – ерекше назар аударатын бағыт. Респондент ата-аналардың 31%-ы ата-ана бақылауын орнатып, 27%-ы балаларымен қауіпсіздік ережелерін талқылайды, ал 20%-ы интернеттегі белсенділігін жүйелі бақылап отырады.

Қорытындылай келсек, Қазақстанда киберқауіпсіздік туралы жақсы білетін қоғам қалыптасып келеді, бірақ қауіп аймағында тұрған азаматтар әлі де жеткілікті. Қазақстан үшін келесі қадам айқын, тек ақпарат беріп қана қоймай, қауіпсіз мінез-құлықты күнделікті дағдыға айналдыру қажет. Киберқауіпсіздік – тек IT мамандардың емес, әрбір азаматтың жеке жауапкершілігі.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі
Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің тапсыруымен
дайындалған әлеуметтік зерттеу

ПАЙЫМ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылданып, тәжірибеде қолданылып келе жатқанына төрт жылдың жүзі болды. Бұл жылдар әкімшілік әділет институтының дер кезінде енгізілгенін көрсетті. Жария-құқықтық дауларда әкімшілік кедергілерге тап болып, құқығы тапталған жеке және заңды тұлғалар әкімшілік әділеттің тиімділігіне тәжірибе жүзінде көз жеткізіп келеді.

ӘКІМШІЛІК РӘСІМДЕРДІҢ ӨТКІЗІЛУ ТӘРТІБІ

Мамандандырылған әкімшілік соттардың жүктемесі мен шығарған шешімдеріне қарап та бұл институттың халық көңілінен шыққанын, азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтқанын байқау қиын емес. Сондықтан, бұл жетістікпен шектеліп қалмай, Әкімшілік рәсімдік-процестің жаңашылдықтарын, артықшылықтарын әлі де түсіндіріп, жол сілтеп отыру өзекті.

Кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді. Жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін толық іске асыру, жеке және қоғамдық мүдделер теңгеріміне қол жеткізу, осы саладағы заңдылықты нығайту әкімшілік рәсімдердің міндеті болып табылады. Әкімшілік рәсім жолданым қабылданған кезден бастап қозғалды деп есептеледі. Жолданымды берудің тәртібі ӘРПК-де толық дәйектелген. Егер жолданым кодексте белгіленген тәртіппен берілген жағдайда міндетті түрде қабылданып, тіркелуі, есепке алынуы және қаралуы тиіс. Арыз иесіне жолданымды қабылдаған адам бірегей нөмірі бар талон береді. Және бір ескерерлігі, жолданымды қабылдаудан бас тартуға тыйым салынған.

Әкімшілік рәсім әкімшілік органның, лауазымды адамның шешімімен тоқтатылады. Әкімшілік рәсімді тоқтату туралы шешімді алғаннан кейін арыз иесі келіспеген жағдайда кодексте белгіленген

Әкімшілік рәсім әкімшілік органның, лауазымды адамның шешімімен тоқтатылады. Әкімшілік рәсімді тоқтату туралы шешімді алғаннан кейін арыз иесі келіспеген жағдайда кодексте белгіленген тәртіппен шағым бере алады. Әрі жаңа дәлелдердің табылуы да арыз иесінің қайта жолданым беруіне мүмкіндік туғызады.

тәртіппен шағым бере алады. Әрі жаңа дәлелдердің табылуы да арыз иесінің қайта жолданым беруіне мүмкіндік туғызады.

Бұл институтта жеке және заңды тұлғалардың өз мүддесін қорғауына, өз уәжін айтып, ұстанымын білдіруіне жол ашық. Соған сәйкес әкімшілік орган, лауазымды адамның әкімшілік рәсімге қатысуына өз ұстанымын білдіруіне мүмкіндік беруі міндеттелген. Егер азаматтар бұл құқығын білмеген жағдайда, лауазымды адам оны ескертуге, хабар етуге міндетті.

Қазақстан заңдарында өзгеше көзделмесе, әкімшілік рәсімнің мерзімі жолданым келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнді құрайды. Бұл мерзім тек әкімшілік орган басшысының немесе оның орынбасарының уәжді шешімімен ақылға қонымды, бірақ әкімшілік істі дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды белгілеу қажеттігіне орай екі айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Ал әкімшілік рәсім мерзімін негізсіз ұзартқан лауазымды адам Қазақстан заңдарына сәйкес тәртіптік және өзге де жауаптылықта болады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік ко-

МІНБЕР

ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМДІ КӨТЕРУ БАРЛЫҚ УАҚЫТТА ӨЗЕКТІ

Әкімшілік әділет институты жария-құқықтық дауларда тек мемлекет пен мемлекеттік органдар пайдасына шешілетіні туралы қалыптасқан көзқарасты өзгертті.



Нұрбол СЕЙЛОВ,
Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің мемлекеттік органдар мен қарапайым азаматтардың заңдық құқығы мен мүддесін теңестіруі өз кезегінде мемлекеттік мекемелер мен лауазымды тұлғалардың жұмыс сапасын арттырды. Өйткені, сотқа жүгінушілер санының өсуі жергілікті атқарушы органдар тарапынан кеткен кемшіліктерді айқындап, оларды жоюға ықпал етуде. Әкімшілік сот шешімдері мемлекеттік органдардың жұмысын бағалау тетігі ретінде назарға алынса, қызмет көрсету сапасы одан әрі жақсарар еді.

Бұл ретте халықтың құқықтық сауатын көтерудің маңызы зор. Олар нұқсан келтірілген құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қайда жүгіну керектігін, т.б. заңдылықтарды білуі керек. Осы тұрғыда мақалаға аталған кодекстің

дексінде тараптардың татуласуына да айрықша көңіл бөлінген. Айталық тараптар әкімшілік процестің барлық сатысында істі татуласу, медиация немесе партисипативтік рәсім тәртібімен реттеуге келіссе, әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтауға мүмкіндік бар. Мұндай келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды. Келісім ерікті түрде орындалмаған жағдайда сот келісім жасаған адамның өтінішхаты бойынша берілетін атқару парағының негізінде сот ак-

тісін мәжбүрлеп орындатады.

Кодексте процестік мәжбүрлеу шаралары да дәйектелген. Олар ескерту жасау, сот отырысы залынан шығарып жіберу, ақшалай өндіріп алу түрінде қолданылады. Ақшалай өндіріп алу – әкімшілік әділеттің маңызды жаңашылдық. Бұл мәжбүрлеу шарасы әкімшілік рәсімдердің уақытылы, сапалы орындалуына айтарлықтай ықпалын тигізеді. Ақшалай өндіріліп алудың көлемі де белгілі. Жеке тұлғаға, лауазымды адамға, заңды тұлғаға не оның өкіліне он айлық есептік көрсеткіштен бастап бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде қолданылады.

Міне, осыдан көріп тұрғанымыздай жария-құқықтық дауларды тиімді, жедел, талассыз шешуге бағытталған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің заңдық тетіктерін жетік білу, терең түсіну азаматтардың құқықтық сауатын ғана емес, құқықтық мәдениетін де көтеретін пәрменді құрал.

Мұхит МҰҚАШЕВ,
Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

жатпайтын талаптар соттылығы бойынша тиісті аудандық немесе қалалық сотқа жіберіледі.

Әкімшілік істі бір соттың іс жүргізуінен басқа сотқа беру заңдылығы 108-бапта көрсетілген. Осыған орай, соттың барлық қағидалары сақталма отырып іс жүргізуге қабылданған және сот отырысында қарауға тағайындалған әкімшілік іс басқа соттың соттылығына жатқызылса да, мәні бойынша осы сотқа қаралуы тиіс. Әкімшілік істі қарау кезінде оның іс жүргізуге соттылық қағидалары бұзыла отырып қабылданғаны анықталған, сондай-ақ, бір немесе бірнеше судьяға қарсылық білдірілгеннен кейін не басқа себептермен судьялар ауыстырылған немесе әкімшілік істі осы сотқа қарау мүмкін болмайтын, ӘРПК-нің 107-бабының екінші бөлігінде көзделген негіздер туындаған жағдайлардың бірінде әкімшілік іс басқа соттың қарауына беріледі. Соған орай, әкімшілік істі басқа сотқа беру немесе одан бас тарту туралы соттың ұйғарымы шығарылады. Ұйғарымға шағым жасалуы мүмкін. Әкімшілік іс басқа сотқа шағым жасау мерзімі өткен соң, ал шағым жасалған жағдайда шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы соттың ұйғарымы шығарылғаннан кейін беріледі. Егер тараптар сот айқындаған соттылықпен келіссе, олардың жазбаша өтінішхатының негізінде әкімшілік істі бір соттан екіншісіне беру туралы ұйғарым шығарылысымен дереу жүзеге асырылады.

Соттар арасындағы соттылық туралы даулар олардан жоғары тұрған сотта түпкілікті шешіледі және қайта қаралмайды. Облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, Астананың бірінші саты соттары арасында туындаған дауды тиісті облыстық немесе оған теңестірілген соттың ұсынуымен кассациялық сот шешеді. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс нормаларын ұдайы түсіндіру халықтың осы тұрғыдағы білім-білігін артуды тиімді әсерін беретінін тәжірибе көрсетуде.

**МАҢЫЗДЫ
ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ
МАҚҰЛДАНДЫ**

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң ҚР Президентінің барлық геологиялық ақпаратты жүйелеу мен цифрландыруға қатысты тапсырмаларын іске асыру аясында жасалып Парламент қарауына ұсынылғаны белгілі. Заң жер қойнауын игеруге инвестициялар тарту бойынша жер қойнауын пайдалану жүйесін одан әрі жетілдіруге, жер қойнауын пайдалану процестерінің ашықтығы мен цифрландырылуын арттыруға бағытталған.

Атап айтқанда, құны 14,5 млн АЕК-тен асатын ірі өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды іске асыратын стратегиялық инвесторлар үшін пайдалы қатты қазбаларды барлау мен өндіруге басым құқықты бекіту, пайдалы қазбалар мен уранды барлау және өндіру операцияларын жүргізу кезінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық үлесін 50%-дан 70%-ға дейін ұлғайту, жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша электрондық аукциондар өткізу тетігіне, елді мекендердің аумағында техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектілерінде жер қойнауын пайдалану құқығын алуға, есептілікте жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы көрінеу анық емес мәліметтерді жасырғаны немесе ұсынғаны үшін жауапкершілікті күшейтуге, рұқсатсыз, сол сияқты берілген рұқсат талаптарын бұза отырып, пайдалы қатты қазбаларды барлау учаскесінде тау-кен массасын алуға және топырақтың орнын ауыстыруға тыйым салуға және басқаларға қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Бұдан басқа, жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы мемлекеттік қызметтер көрсетуді және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органдар, жер қойнауын пайдаланушылар және өзге де мүдделі тұлғалар арасында, оның ішінде басқа да ақпараттандыру объектілерімен интеграциялау арқылы ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін мемлекеттік ақпараттық жүйе ретінде айқындалды.

Мәулен Сағатханұлының айтуынша, мұндағы мақсат – еліміздің минералдық-шикізаттық базасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету. Тұтастай алғанда заңның жер қойнауын пайдаланудың ашықтығына және саланы цифрландыруды арттыруға оң ықпалын тигізетініне сенім зор.

Отырыста қаралып, мақұлданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының шешімдерін орындау және заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң да Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру мақсатында әзірленген. Құжатта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызмет, заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару, жер пайдалану құқықтарын мұраға қалдыру, сондай-ақ, алименттік міндеттемелерді орындау мәселелері қамтылды. Бұл тұрғыда Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев: «Қаралған заң Конституциялық Соттың шешімдерін іске асыруды және Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауды көздейді. Осы мақсатпен айтылған заңдардың ережелері қайта қаралып, жетілдірілді. Енгізілген түзетулер заңдылық қағидатын қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қосымша қорғалуына оң әсерін тигізеді деп сенеміз», – деді.

Отырыста қаралған депутаттар бастамашы болған және бірден екі оқылымда мақұлданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінен тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және білім беру-сауықтыру қызметтері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңда тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, сондай-ақ, көмелетке толмағандарға білім беру және сауықтыру қызметтерін көрсететін қосымша білім беру ұйымдарының қызметін жетілдіру жөніндегі бірқатар маңызды норма қарастырылыпты. Бұл құжаттың мән-маңызын Әшімбаев мырза: «Парламент депутаттары бастамашы болған заң тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғауды және білім беру, сауықтыру қызметтері саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіруді көздейді. Түзетулер аясында Ұлттық археологиялық қызметтің міндеттерін айқындайтын ережелер қарастырылды. Осы саладағы арнайы ақпараттық жүйені қолдану ерекшеліктері де белгіленді. Сонымен қатар көмелетке толмағандарды бойынша орталықтарының қызметін жетілдіруге арналған нормалар бар.

Заңның мақұлданыу тарихи-мәдени мұра объектілерін қосымша қорғауға, оларды тиімді пайдалануға және балалардың заңды мүдделерін қамтамасыз етуге өз септігін тигізеді деп сенеміз», – деп атап көрсетті.

Сенаторлар қарап, мақұлдаған тағы бір құжат «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінің архив ісі және құқыққа қайшы контенттің таралуын шектеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның маңызы міндеттерінің бірі балалардың психикалық және моральдық дамуын қорғауға бағытталған. Өскелең ұрпақтың психикасын күмәнді ақпараттан қорғау үшін заңда ашық кеңістікте бұқаралық ақпарат құралдарын, телекоммуникация желілерін мен онлайн-платформаларды пайдалана отырып, педофилия мен дәстүрлі емес жыныстық бағдарды насихаттайтын ақпарат орналастыруды шектеу жөніндегі нормалар көзделген. Заң құжаттарды цифрлық мұрағатқа сақтауға беру және жүргізу тәртібін де регламенттейді. Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының сақталуын қамтамасыз ету үшін жеке және заңды тұлғалардың бірлесіп қаржыландырумен қатар мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жасалатын және тарихи-мәдени, ғылыми құндылығы бар аудиовизуалды құжаттардың міндетті даналарын мемлекеттік архивтерге беруі жөніндегі норма бекітілді.

Отырыс барысында «Салық және бюджет-ке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР кодексіне (Салық кодексі) өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» заң да екі оқылымда қаралды. Аталған құжат энергетикалық қуатты қолдауға, халық пен кәсіпорындардың экономикалық мүдделерін қорғауға арналған. Сенаторлар атап өткендей, заңды мақұлдау қаражатты аса маңызды қажеттіліктерге қайта бөлуге, өндірістік қызметті қолдап, жақсартуға және әлеуметтік міндеттемелерді орындау үшін қаражатты қайта инвестициялауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар депутаттар «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заңды және оған ілесіп «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне құқық бұзушылық профилактикасы және Қазақстан Республикасы заңнамасының жекелеген салаларын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды қарап, мақұлдады. Бұл заңдар құқықбұзушылықтың ерте алдын алуға бағытталған жаңа жүйесін құруға, азаматтардың қоғамдық қауіпсіздігін арттыруға, заңға бағынатын тәртіп және зорлық-зомбылық пен заңбұзушылықтарға төзбеушілікті қалыптастыруға, қоғамның құқықтық тәртіп институттарына деген сенімін нығайтуға жол ашады.

Отырыста қаралған «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» және «Жол жүрiсi туралы» заңдарға енгiзiлген түзетулер бойынша жол қозғалысына қатысушыларды жалға берiлетiн электрсамокаттар жүргiзiсiнiң заңсыз әрекеттерiн қорғауға басамен берiлiп отыр. Осы мақсатпен электрсамокаттар оларды басқару үшiн иелерi азаматтық-құқықтық жауапкершiлiктi мiндеттi сақтандыруы қажет көлiк құралдарының қатарына қосылады. Бұдан басқа, самокаттарды жалға берушiлерге бiрқатар мiндет жүктелдi. Бұл талаптар бойынша электрсамокаттарға тiркеу нөмiрiн беру және орналастыру арқылы оларды есепке алуды жүргiзу, пайдаланушыларды сәйкестендiрудi, олардың жарамды жүргiзушi күйлiгiнiң бар-жоғын тексерудi қамтамасыз ету, он сегiз жасқа толмаған және көлiк құралдарын басқару құқығы жоқ немесе одан айырылған адамдардың электрсамокаттарын жолдың жүру бөлiгiнде жалға алуына және басқаруына жол бермеу, сондай-ақ, басқа да мiндеттер қарастырылған.

Отырыста қаралған тағы бір құжат – «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң арқылы қоғамдық орындарда бет-әлпетті тануға кедергі келтіретін киім кию туралы заңнама талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылды. Бұл талап негізінде алғашында ескертумен шектелсе, қайталап жасағаны үшін 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салынбақ. Заңда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, рецидивтік қылмыстың, мас күйінде жасалатын, қоғамдық орындардағы экономикалық, кәмететке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу шаралары да қамтылғанын айта кеткен жөн.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ



де есептен шығарылады, өзін-өзі жұмыспен қамтушыға арналған арнайы салық режиміне ауыстырылады. Патент негізінде немесе мобильді қосымшаны пайдаланатырып арнайы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлер шарттарға сәйкес жеке кәсіпкер ретінде есептен шығарылғаннан кейін жаңа режимге

САЛЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕРІ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Аталған төлемдер негізгі әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етеді: зейнетақы, медициналық көмек және әлеуметтік сақтандыру. Міндеттерді орындауды жеңілдету үшін арнайы мобильді қосымшаны пайдалану қарастырылған. Сол арқылы көрсетілген қызметтерге чектер құрылып, ай сайынғы табыс автоматты түрде қарастырылып, міндетті әлеуметтік төлемдер

есептеледі. Егер қызметтік әрекеттер жалпы қолжетімді телекоммуникациялық желілер жоқ жерде жүзеге асырылса, өзін-өзі жұмыспен қамтушы ай сайынғы алынған табыс бойынша міндетті төлемдерді өз бетінше төлейді.

Жаңа Салық кодексінде сондай-ақ өтпелі ережелер қарастырылған. Атап айтқанда, тек интернет-платформалар арқылы қызмет атқаратын салық төлеушілер автоматты түрде жеке кәсіпкер ретін-

ауыс алады. Өзін-өзі жұмыспен қамтушыға арналған арнайы салық режимін таңдау мобильді қосымшада өзін-өзі жұмыспен қамтушы режимінде чектер жасалған айдан бастап немесе байланыс жоқ жағдайда қызмет атқарғандан міндетті төлемдерді төлеу туралы құжаттарда көрсетілген кезеңнен бастап жүзгенге асырылған деп есептеледі.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БАҒДАР

**ЛЕГИОНЕРЛЕРДІ
ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА
ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ**



Биылғы жыл спорт саласы үшін едәуір жетістікке толы. Бірінші, заңнам бастасақ, 16 маусымнан бастап бюджет қаражаты есебінен шетелдік легионерлерді қаржыландыруға тыйым салынды. 79 спорт нысаны пайдалануға берілді. Тағы 50-ден астам нысанның құрылысы жүріп жатыр.

Түркістанда Орталық Азияда баламасы жоқ Халықаралық деңгейдегі ескек есу арнасы пайдалануға берілді. Қызылордада УЕФА стандарттарына сәйкес келетін 11 мың көрерменге арналған стадионның құрылысы аяқталды. Бұқаралық спорт та дамып келеді. Қазіргі уақытта халықтың 41 пайыздан астамы, яғни, 8,5 млн-ға жуық адам спортпен шұғылданады.

Сарапшылардың айтуынша, спортты жаппай дамыту ең алдымен қолжетімді инфрақұрылымнан басталады. Соңғы жылдары салынған жаңа нысандардың 60%-дан астамы ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда орналасқан. Сонымен қатар, 70%-ы көпфункционалды, яғни бір мезетте бірнеше спорт түрімен айналысуға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіштер спорт инфрақұрылымының тек ірі мегаполистерде емес, өңірлерде де тең дамып келе жатқанын көрсетеді.

2025 жылы пайдалануға берілген спорт нысандарының қатарында дене шынықтыру-сауықтыру кешендері (ФОК), жабық футбол манеждері, жүзу бассейндері, күрес, бокс және гимнастика залдары, ашық спорт алаңдары мен воркаут аймақтары бар. Жобалардың бір бөлігі мектептер мен колледждер жанынан салынған. Бұл – оқу мен спортты қатар дамытуға бағытталған тиімді шешім. Мамандардың есебінше жаңа салынған 79 спорт нысаны жылына 300 мыңнан астам адамды спортпен жүйелі түрде айналысуға тартуға мүмкіндік береді. Құрылысы аяқталу сатысындағы 50 нысан іске қосылған соң, бұл көрсеткіш тағы 200 мың адамға артып, нәтижесінде елдегі спорт инфрақұрылымымен қамту деңгейі 8-10%-ға өседі.

Жаңа спорт нысандары ең алдымен тегін немесе жеңілдетілген спорт секция-

ларын ашуға, 240 мыңнан астам баланы қамтып отырған бұқаралық спорт бағдарламаларын кеңейтуге және жасөспірімдер арасындағы жарыстарды тұрақты өткізуге мүмкіндік беріп отыр. Жаттықтырушылардың айтуынша, заманауи залдар мен алаңдардың пайда болуы балалардың спортқа қызығушылығын 20-30%-ға арттырған. Спорт нысандарының құрылысы тек денсаулық саласына ғана емес, экономикалық тұрғыда да оң әсер береді. Құрылыс кезеңінде мыңдаған уақытша жұмыс орны ашылады, пайдалануға берілген соң жаттықтырушылар, әдіскерлер, техникалық қызметкерлер үшін тұрақты жұмыс орындары құрылып, жергілікті бюджетке түсетін жанама түсімдер артады. Сонымен қатар, қоғамдық кеңістіктердің көбеюі – қылмыс деңгейінің төмендеуіне және жастардың бос уақытын тиімді өткізуге ықпал етеді.

Дегенмен, сарапшылар бірнеше өзекті мәселені атап өтеді. Кей өңірлерде жаңа нысандарды ұстауға арналған қаржы тапшылығы мен кадрлық қамтамасыз ету, әсіресе білікті жаттықтырушылар жетіспеушілігі кейбір спорт кешендерінің тек бір бағытта пайдаланылуына әсер етіп отыр. Бұл ретте алдағы уақытта жеке инвестицияларды тарту, мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті кеңейту маңызды болмақ. 2025 жылы салынған 79 спорт нысаны мен аяқталу сатысындағы 50 жоба – Қазақстандағы бұқаралық спорт инфрақұрылымын дамытудың жаңа кезеңі. Яғни, спорт нысандарына салынған әрбір инвестиция – елдің ұзақ мерзімді әлеуметтік және адами капиталына салынған ұлес.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БЕЗБЕН

Сот актілері кез келген құқықтық, зайырлы елде орындауымен құнды. Сот актілерінің орындалуымен – елдегі сот төрелігінің пәрмені айқындалады, тиімділігі нақтыланады, ал соттың әр шешімінің толықтай және уақытылы орындалуы мемлекеттегі сот институттарының беделін ғана емес, сол мемлекеттің құқықтық жүйесінің күш-қуатын көрсетеді.

ӘР ІСТІҢ АРТЫНДА АДАМ ТАҒДЫРЫ ТҮР



Жалпы Қазақстандағы азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу тәртібі ең бірінші ҚР конституциялық заңдарында, ел Конституциясы мен халықаралық құқықтың жалпыға бірдей, ортақ деп саналған қағидаттары мен нормаларына негізделген ҚР Азаматтық процестік кодексі шеңберінде айқындалады. Азаматтық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін басқа да заңдылық қағидаттары осы кодексті басшылыққа алады. Ал мемлекеттегі жалпыға ортақ осы заңға құрамдас халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелер мен ҚР Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары бар.

Азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңнама өзінің негізгі бағытына азаматтық, отбасылық, қаржы, шаруашылық, жер, еңбек, тұрғын үй және бұдан басқа да құқықтық қатынастардан туындайтын даулар негізіне жататын істерді қарайды. Азаматтық істерді қарау барысында егер дауларды қарастыру барысында қайшылықты жағдайлар орын ала қалғандай сәттер туындаса ҚР Конституциясының жоғарғы заңдық күші бар. Барлық заңдар ең алдымен осы Ата Заңнан бастау алады.

Кез келген шешім орындалуы тиіс, ол көрсетілген заң аясын-

да сол тәртіппен орындалуға жіберіледі. Сот шешімінен соң атқару парағы толтырылады. Келесі рет бойынша егер сот шешімімен мүлік тәркіленсе, мемлекет кірісіне өндіріп алынса сот атқару құжатын аумағы бойынша тиісті әділет органына не жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына орындауға жібереді.

Азаматтық сот ісі сот және сотқа жүгінушілердің құқықтарын, іс жүргізу міндеттері мен олардың қатынастарын реттеп, белгілеп береді. Азаматтық сотқа келіп түсетін істер көп. Белгіленген судьялар сот ісін жүргізуде бейтараптық, қолжетімділік пен әділ төрелікке арқа сүйейді. Қазіргі жетілдірілген процесс азаматтық істерді демократиялық жолмен, құқықтық сауаттанған қоғам талабына сай дұрыс әрі жылдам, бейтарап, әділетті шешуге мүдделі. Әділетті шешілген әр істің артында адам тағдыры тұр. Осы басты құндылық негізінде ешқандай тарап әділетсіздікке ұшырамауға тиіс. Азаматтық істерді қараудағы басты ұстаным мен төрешінің сүйенері әділдік.

Айнұр ІЗІМБЕРГЕН,
Маңғыстау облысының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының сот әкімшісі

БІЛГЕН ЖӨН

СОТ ОРЫНДАУШЫ ӘРЕКЕТІНЕ ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ

Сот орындаушыларының қызметін жүзеге асыру «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңымен реттеледі.

Алайда, сот орындаушыларының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне қатысты даулар туындаған кезде азаматтар мен заңды тұлғалар қалай шағымдануы тиіс?

Бұл – әкімшілік тәртіппен шешілетін мәселе. Жеке сот орындаушыларының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне дау айту туралы талап қоюлар ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің талаптарына сәйкес мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттарда қаралады. ӘРПК-нің 136-бабына сәйкес сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне талап қою әрекет жасалған күннен бастап немесе сот орындаушысының әрекет жасау уақыты мен орны туралы хабарланбаған өндіріп алушыға немесе борышкерге ол туралы белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сотқа беріледі.

Егер талап қоюшы заңда белгіленген мерзімді өткізіп алса, сотқа өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхат беруге құқылы. «Әкімшілік істер бойынша сот шешімі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2024 жылғы 29 қарашадағы № 5 нормативтік қаулысының 13-тармағына сәйкес ӘРПК-нің 136-бабы талап қою түріне, талап қою нысанасына және оларды санамалау тәртібіне байланысты талап қоюды беру мерзімін көздейді.

Талап қоюды сотқа беруге арналған мерзімдерді өткізіп алу себептері мен олардың мәнін сот әкімшілік істің дұрыс шешілуі үшін алдын ала тыңдауда анықтайды.

Талап қоюды беруге арналған мерзімнің сақталуын дәлелдеу және талап қоюды беру мерзімін өткізіп алудың дәлелді себептерінің бар-жоғына дәлелдер ұсыну міндеті талап қоюшыға жүктеледі.

Дәлелді себеппен өткізіп алынған талап қоюды беруге арналған мерзімді сот АПК-нің қағидалары бойынша қалпына келтіруі мүмкін.

Сот орындаушыларының әрекеттеріне дау айту туралы әкімшілік істер бойынша алдын ала тыңдау сотқа талап қою берілген күннен бастап жиырма жұмыс күнінен

кешіктірілмей жүзеге асырылады (ӘРПК-нің 143-бабы).

Азаматтар мен ұйымдар сотқа дау айту, мәжбүрлеу, әрекет жасау және тану туралы талап қоюлармен жүгіне алады:

Ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіде талап қоюшының құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, ол әкімшілік актінің толық немесе оның қандай да бір бөлігінің күшін жою талабымен дау айту туралы талап қою беруге құқылы.

Мәжбүрлеу туралы талап қою бойынша талап қоюшы қабылдануынан бас тартылған не әкімшілік органның лауазымды адамның әрекетсіздігі себебінен қабылданбаған қолайлы әкімшілік актінің қабылдануын талап етуі мүмкін. Мұндай жағдайларда бас тартуға дау айту туралы жеке талап ету қажет етілмейді. Мәжбүрлеу туралы талап қою жауапкердің ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні қабылдамау міндеті туралы талапты қамтуы мүмкін. Әрекет жасау туралы талап қою бойынша талап қоюшы белгілі бір әрекеттер жасауды немесе әкімшілік актіні қабылдауға бағытталмаған мұндай әрекеттерден қалыс қалуды талап етуі мүмкін.

Тану туралы талап қою бойынша талап қоюшы, егер ол дау айту, мәжбүрлеу және әрекет жасау туралы талап қоюды бере алмаса, қандай да бір құқықтық қатынастың бар немесе жоқ екенін тануды талап етуі мүмкін.

Сот орындаушысының әрекеттеріне дау айту туралы әкімшілік істер оған сот отырысында талқылау тағайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады және шешіледі.

Егерде талап қоюшы соттың шешімімен келіспейтін болса, ӘРПК-нің 168-бабының талаптарына сәйкес сот орындаушыларының әрекеттеріне дау айту туралы әкімшілік істер бойынша апелляциялық шағым шешім жария етілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей дайындалатын түпкілікті нысандағы шешім шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде беріледі.

ӘРПК-нің 171-бабына сәйкес соттың шешімі заңды күшіне енгеннен



Б.КАЛИЕВА,
Ақтөбе облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

кейін оны үш жұмыс күні ішінде сот орындау үшін жауапкерге жібереді. Жауапкер әкімшілік іс бойынша сот шешімін, сот белгілеген өзге де мерзімдерді қоспағанда, ол заңды күшіне енген күнінен бастап бір ай мерзімде орындауға міндетті, ол туралы сотқа хабарлауға тиіс.

Шешім дереу орындалатын жағдайларды қоспағанда, ол заңды күшіне енгеннен кейін орындалады.

Жалпы алғанда, сот орындаушыларының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне шағымдану тәртібі азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтірудің тиімді құралы.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте белгіленген мерзімдер мен процессуалдық талаптарды сақтау – әкімшілік әділдікті қамтамасыз етудің және сот төрелігінің тиімділігін арттырудың басты шарты.

Сот практикасы көрсеткендей, мұндай санаттағы істердің уақытылы әрі объективті қаралуы азаматтардың сот билігіне сенімін нығайтып, атқарушылық іс жүргізу жүйесінің ашықтығы мен заңдылығын қамтамасыз етеді.

Осылайша, сот орындаушыларының қызметіне қатысты шағымдану институты құқық үстемдігін орнықтырудың және әділ сот төрелігін қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі.

ІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың маңызды басымдығы болып қала береді.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТӨЗБЕЙТІН ҰРПАҚ ҚАЛЫПТАСУЫ КЕРЕК

Сыбайлас жемқорлықтың төмен рейтингісі мемлекеттің тұрақтылығының көрсеткіші. Дәл осы себептер бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттің өзекті мәселелерінің біріне айналды, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, жолын кесу бойынша шаралар қабылдануда, халықаралық елдердің оң тәжірибесі зерделенуде.

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты ұлттық тәжірибе мен озық шетелдік тәжірибені ескере отырып, қоғамның сұраныстары негізінде үнемі жетілдіріліп отырады.

Соңғы онжылдықта Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін белгілі бір заңнамалық база қалыптасты. Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы нормативтік құқықтық база ұлттық заңнаманы қолданыстағы халықаралық стандарттарға жақындатқан заңдармен жетілдірілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жүйесі белсенді дамуда, сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жауапкершілік күшейтілді. Бағыныштылардың сыбайлас жемқорлық

құқық бұзушылықтары үшін саяси және мемлекеттік қызметшілердің орнынан түсуі көзделген және негізсіз байытқаны үшін шенеуніктердің жауапкершілік институты енгізілді. Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды қорғау тетіктері кеңейтілді. Парасаттылықты тексеру жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру басталды.

Сондай-ақ алдын алу шаралары сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамның болашақта мемлекеттік мекемелерге жұмысқа орналаса алмайтындығы; ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сотталғандар шартты түрде мерзімінен бұрын жазадан босатыла алмайтындығы; пара алғаны үшін сот үкімімен жазаны өтеу үшін жаза тағайындау кезінде қауіпсіздігі төмен мекемені тағайындауға болмайды.

Сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар Қазақстан үшін өзекті болып қала береді.

Араласуды және сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмау мақсатында соттарда істерді автоматты түрде бөлу жүргізіледі,



яғни судьялардың қайсысына қандай да бір іс түсетінін ешкім болжай алмайды.

2014 жылдан бастап соттарға қол жеткізудің бірыңғай терезесі – «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі, оның ішінде мобильді нұсқада жұмыс істейді. Пайдаланушылар үйден немесе кеңседен шықпай-ақ сотқа электронды форматта жүгіне алады.

Елдегі барлық сот залдары сот отырысының барысын тіркеуді қамтамасыз ететін заманауи дыбыс, бейнежазба жүйелерімен жабдықталған, олар сот процестерінде қолданылады. Тараптар өтініш негізінде соттардың істерді қарау кезінде «ашықтық» қағидатына сүйене отырып, процестің жазбасын талап ете алады.

Осы «кеселді» жою үшін күшті идеология, құндылықтардың өзгеруі қажет, егер адам мемлекеттік билік тарапынан өзгерістерді, мемлекеттік органдардың қызметіндегі адалдық пен заңдылықты көретін болса, онда азаматтар пара беру арқылы емес, мәселелерді заңды жолдармен шешеді. Қоғам сыбайлас жемқорлықты оңайлатылған шешім ретінде қабылдамауы тиіс.

Біздің әрқайсысымыз заңды басшылыққа ала отырып, өмір сүруге және жұмыс істеуге міндеттіміз және осылайша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жалпы ісіне өз үлесімізді қосамыз. Азамат өз құқықтарын нақты білуі, оларды қорғай білуі, берік моральдық ұстанымға ие болуы, жеке, қоғамдық және кәсіби өмірде сыбайлас жемқорлық әдістерін қолдануға жол бермеуі қажет.

Парасаттылық жүйесін қалыптастыруда сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермейтін жаңа көзқарастары мен өмірлік принциптері бар жас ұрпақты тәрбиелеу маңызды рөл атқарады. Сыбайлас жемқорлыққа төзбейтін азаматтар, тиісінше, сол болашақ ұрпақты өсіреді. Бұл тұрғыда отбасы институты арқылы, мектептен бастап барлық оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты дамыту қажет, яғни жеке тұлғаның қалыптасуының барлық кезеңдерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды сіңіру табыстың іргелі факторы.

Назгүл БИСЕН,
Ақтөбе қалалық №2 сотының
жетекші маманы

ЖИ ЖАС ЖУРНАЛИСТІ ЖАЛҚАУ ҚЫЛАДЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

«Жарнама телевидениеден интернетке барғанымен, бізде интернет сайттар да қатты қиналып жатыр. 2025 жылы сайттардың кликтері 40 пайызға құлап кеткен. Себебі ЖИ клик бермегендіктен, оқырман сайтқа кірмейді. Олар кликтерді сатып алып өз активтерін көбейтуге мәжбүр. Сондықтан 2027 жылы сайттарда да үлкен проблема болып, сайтқа ешкім кірмейтін болады. Барлығы қажетті ақпаратты ChatGPT арқылы сұрап, біліп отырады. Сондықтан қиындықтар күтіп тұр. Оны біз биылғы медиақұрылтайда талқылағанбыз. Сыра мен темекі жарнамасына БАҚ-та рұқсат алу арқылы шамамен 35-40 млрд теңге қосымша табыс табамыз деген журналистердің есебі болған. Мемлекет оны әлі ойланып отыр», – дейді PR маманы Айбар Олжай.

Республикалық «Әділет» газетінің төрағасы Қуанышбек Ботабековтың сөзіне қарағанда, бірінші кезекте ұлттық менталитетті қорған қылып ұстауымыз керек. Себебі журналистика мен блогерліктің қарама-қайшылықтары болып жатыр. Смартфоны бардың бәрі блогер боп шыға келді. Ешкімде жауапкершілік жоқ. Мемлекет журналистикасы мықты болмай ары қарай дамымайды. Сол үшін журналистиканың тағдырын дұрыстап жолға қойып алсақ, оның бірлігі мен ынтымағын арттырып, тек сосын ғана ЖИ-ді талқыласақ болады.

«ЖИ журналистің сөздік қорын, тәжірибесін жеп қояды деп ойлаймын. ЖИ жас журналисті жалқау қылады. Олар ізденуден, сөздік қорын дамытудан қалады. Бұдан өзге қазір Журналистер одағы да жұмыс істейді қойды, белсенді емес. Журналистерді соттап жатса, ешкім оны қорғайды. Ол өзін қорғай алмаса, сотталып кетеді. Шындықты жазатын журналистің жауы көп болады. Сосын әр өңірде ішкі саясат басқармасы деген бар. Ол журналистермен жұмыс істейтін бірден-бір мекеме. Олар да мемлекеттік тапсырыстармен шектелмей, жүйелі жұмыс істеу керек», – дейді Қ.Ботабеков.

ҚазҰУ докторанты Телман Бисеннің пайымдауынша, дәстүрлі медиа мен жаңа медиа әлі толық ұштасып болған жоқ. Дәстүрлі БАҚ-та көбіне кәсіби мамандар жұмыс істейтіндіктен, олардың еңбегін мемлекетке пайдалану керек. Жаңа медиадағы жастар кәсіби мамандардың орнын алмастыра алмайды. Масс медианы басқару жүйесін қайта қарауымыз керек. Мемлекеттен бөлінген қаржыны тиімді пайдалану маңызды. Ондағы басты мақсат – сапалы контент дайындау. Осыған көбірек мән беру қажет. Сосын қазір БАҚ саласын басқарып жүрген азаматтар қаржы мәселесін, кадр мәселесін толық меңгермегендіктен, көп жұмыстар ақсап жатқан жайы бар. Мемлекеттік БАҚ

бәсекелестікке бейімделе алмады. Медиа саласы идеология құралы болғандықтан, оны жеке қолға беру үмітті ақтаған жоқ. Сондықтан «Мемлекеттік мүлік туралы» заңға өзгерістер енгізу керек.

Отандық БАҚ басшылары мен танымал журналистер қатысқан жиынды қорытындылаған сенатор, Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары, «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігінің президенті Бибігүл Жексенбай ұсыныс-

тардың бәрін жинақтап, құзырлы органдарға жеткізуге уәде берді. Сондай-ақ бұл мәселені Ұлттық құрылтайда да талқыға салуға дайын екенін жеткізді. Оның айтуынша, түйткілді мәселенің түйіні бүкіл БАҚ өкілдері Бас редакторлар клубы аясында бірігіп, жұмыла әрекет еткенде ғана нәтижелі болмақ.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПІКІР

Мейіржан ӨУЕЛХАНҰЛЫ,
жасанды интеллект зерттеушісі:

Біз цифрлық амнезияға ұшыраған ұлтпыз

Соңғы 20 жылда Қазақстанда мемлекеттік және жеке сектордан миллиардтаған қаржы бөлініп, жүздеген ірі медиа-ресурс ашылды. Бүгін осылар қайда? Сілтемесін терсеңіз – «404 қатесі» шығады. Сайт ашылмайды, серверлер өшірілген, домендер сатылып кеткен.

Ең қорқыныштысы – ақшаның желге ұшқаны емес. Ең қорқыныштысы – біз ұлттық жадымыздың 15-20 жылын өз қолымызбен өшіріп тастадық. Ол сайттарда қарапайым халықтың ой-пікірі, ғалымдардың зерттеулері, сол дәуірдің тынысы жатқан еді. Бұл – жай ғана сайттың жабылуы емес, бұл – цифрлық вандализм.

Қазір бәріміз «Неге ChatGPT қазақша дұрыс сөйлемейді?», «Неге Google Gemini қазақ тарихын білмейді?» деп ренжіміз. Олар қайдан білсін? Жасанды интеллект ауадан ақпарат алмайды, ол деректермен (Data-мен) қоректенеді. Ал біз сол «қоректі», дайын қазақша контентті ЖИ-ге берудің орнына, сайт жабылған күні серверден өшіріп тастап отырмыз. Біз болашақ цифрлық әлемде қазақ тілін «дерезі жоқ» (data-poor) кедей тілдердің қатарына өз қолымызбен итеріп жатырмыз.

Сын айту оңай, мен нақты үш жүйелі қадамды ұсынамын: БІРІНШІ. Заңнамалық жауапкершілік. Ақпарат министрлігі деңгейінде талап қойылуы керек: Мемлекеттік тапсырыс алған кез келген сайт жабылар алдында немесе ребрендинг жасарда, оның барлық базасы (Database) «Ұлттық цифрлық архивке» міндетті түрде өткізілуі тиіс. Газеттер кітапханаға өткізіледі ғой? Сайттар да солай сақталуы керек.

ЕКІНШІ. Технологиялық реставрация. Біз жоғалтқан дүниенің бәрі біржола кеткен жоқ. Web Archive (Wayback Machine) сияқты платформалардан ескі сайттарды «қазып алып», қалпына келтіріп, индекстеуіміз қажет. Бұл – болашақ докторлық диссертациялар мен тарихи зерттеулердің қайнар көзі.

ҮШІНШІ. Инфрақұрылым. Неге бізге дәл әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің базасында Орталық Азиядағы тұңғыш «Цифрлық Жады Хабын» (Data Center) құрмасқа? Мемлекеттік сайттардың «қорымына» айналып, олардың «мұрағатына» айналатын орын керек.

Бүгін біз «цифрлық трансформация» туралы әдемі сөздер айтып жатырмыз. Бірақ, трансформация – тек алға жүгіру емес, ол – арттағы ізінді жоғалтпау.

Ақпарат – бұл жай ғана жаңалық емес. Ақпарат – ұлттық код. Ертеңгі ұрпақ біздің дәуір туралы іздегенде, алдынан бос экран мен «Error» деген жазу шықпауы тиіс. Цифрлық қор құру – сервер сатып алу емес, бұл – ұлттың болашағын сақтап қалу.

«Ер адам ұлды тәрбиелейді, әйел ұлтты тәрбиелейді», «Ұлыңды тәрбиелегенің ертеңіңді тәрбиелегенің, қызыңды тәрбиелегенің әлемді тәрбиелегенің» дейді дана халқымыз. Осыдан-ақ қазақтың ұрпақ тәрбиесінен бұрын ұлт тәрбиесін әйел-ананың тәлімімен, тағылымымен байланыстырғанын аңғаруға болады. Қырық жаны бар әйелдердің қоғамдағы орны айрықша. Ел басқарған дана да, қол бастаған дара да анадан пайда болады, ананың аялы алақанымен өсіп жетіледі. «Алып анадан туады» дейтініміз де содан.

«ӘЙЕЛ ҰЛТТЫ ТӘРБИЕЛЕЙДІ»

Қазақтың аруларының отбасы-ошақ қасында қалмай, азаматының демеушісі, жебеушісі болғаны ешкімге жасырын емес. «Әр мықты азаматтың артында ақылды әйел тұрады» демекші, бүгінде Қазақстанды әлемге танытып жүрген жұлдызды ұрпақтың да анасы – қазақ әйелі. Тарихтың түбін ақтармасақ та, тәуелсіздікті жақындатқан желтоқсан оқиғасы кезінде де аяулы аруларымыздың алаңда жігіттермен бірге қасқайып тұрып, қазақтың мүддесін қорғағанын ұмыту мүмкін емес. Тәуелсіздіктің елең-алаң шағындағы қиын кезде де қазақ әйелдері ала дорбасын арқалап жүріп, ұрпағын аштан қалдырмады, ұлтты тоздырмады. Міне, осындай биік миссия арқалаған әйел-аналардың кейінгі жылдары қылмыс орбитасына таңылып, темір тордан табылуы үлкен қасірет.

Қазақылықтың қаймағы саналатын Маңғыстау өңірінде де істі болып, жаза арқалап жатқан қыз-келіншектер аз емес. Нәзік жан-дылардың қылмысқа бару себебі де әртүрлі. Олар көбіне әлеуметтік-экономикалық қиындықтармен, жұмыссыздықпен, отбасылық зорлық-зомбылықпен және өмір сүру деңгейінің төмендігімен байланысты. Маңғыстау облысы – еліміздің индустриалды аймақтарының бірі. Мұнда әлеуметтік жіктелу мен көші-қон үдерісі жоғары болғандықтан, әйелдер арасындағы құқықбұзушылық мәселесі өзекті болып отыр. Маңғыстау облыстық соттарында әйелдерге жаза тағайындауда гуманизм қағидатын сақтауға, баламалы және ізгілендірілген шараларды қолдануға басымдық беріледі.

Статистикаға үңілсек, 2024 жылдың 9 айында аймақта 126 әйел сотталған. Оның ішінде 74 тұлғаға бас бостандығынан айыру жазасы, 26 тұлғаға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған. 2 тұлға шартты түрде сотталса, 7 тұлға қоғамдық жұмысқа тартылған. Сондай-ақ, 4 тұлғаға ҚК-нің 68-бабы қолданылып, жазадан босатылса, 13 тұлғаға айыппұл салу жазасы қолданылған.

Ал биылғы жылы істі болған қыз-келіншектер саны айтарлықтай жоғары. 2025 жылдың 9 айында 222 әйел адам сотталып отыр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіштің 43,2 пайызға өскенін көрсетеді. Оның ішінде 103 тұлғаға бас бостандығынан айыру, 59 тұлғаға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған. 1 тұлға шартты түрде сотталса, 11-і қоғамдық жұмысқа тартылып, 3 тұлғаға ҚК-нің 68-бабы қолданылып жазадан босатылған. Бұдан бөлек 11 тұлға биылғы Конституцияның 30 жылдығына орай қабылданған рақымшылық заңы бойынша жазадан босатылып, 34 әйелге айыппұл салынған.

Сотталған әйелдердің шамамен 68,5%-ы алғаш рет қылмыс жасаса, 31,5%-ы бұрын сотталғандар. Яғни, бұрынғы жазадан сабақ алмай, қайта қылмыс жасағандар үлесі бәрібір жоғары. Сонымен бірге қыз-келіншектердің мүлктік қылмыстарды, әсіресе ұрлық, алаққтық жасайтыны белгілі болып отыр.

Айтар ауызға оңай болғанымен, осыншама қыз-келіншектің заңсыздық жасап, сот алдына баруы, жаза арқалауы көзді жұмып қарайтын мәселе емес. Әрине, Маңғыстау облысының соттары жаза тағайындағанда әйел адамдарға қатысты жеке тұлғалық жағдайды, жүктілік, бала тәрбиесі, отбасылық ахуалды жиі ескереді. Соттардың шешімдерінен байқалғандай, қылмыс жасаған әйелдердің көпшілігі әлеуметтік тұрмысы төмен, кейбірі жұмыссыз болған.

Бас бостандығынан айыру – қылмыстық жазалардың ішіндегі ең қатаң түрі. Бұл жаза сот тәжірибесінде әйел адамдарға қатысты сирек қолданылады. Соттар жаза тағайындау барысында ҚК-нің 52-бабына сәйкес, жазаны даралау қағидатын басшылыққа алады. Әйел адамдарға, әсіресе жүкті немесе жас балалары бар аналарға қатысты, соттар көбіне жеңілдететін мән-жайларды ескеріп, жазаны неғұрлым ізгілендірілген түрге алмастыруға бейім. Алайда ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған әйелдерге қатысты соттар қоғамға қауіптілікті ескере отырып, бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауды орынды деп табады. Мұндай жағдайда сотталғандардың түзелуіне бағытталған тәрбиелік, психологиялық және әлеуметтік бейімдеу шаралары да қолданылады. Жалпы алғанда, сот тәжірибесі әйел адамдарға бас бостандығынан айыру жазасын тек соңғы шара ретінде қолдануды мақсат етеді.

Қыз-келіншектер қолымен жасалатын қылмыс әртүрлі. Мысалы, Д.Ш.-ға қатысты қаралған істе, сот ҚК-нің 304-бабы 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерді жасағаны үшін сотталушыны кінәлі деп танып, оған осы бап бойынша 3 жыл мерзімге қоғамдық тамақтандыру саласында қызмет көрсету бойынша кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, 1 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаған. Себебі, Д.Ш. абайсызда көптеген адамдардың жаппай сырқаттануына әкеп соққан санитарлық қағидаларды немесе гигиеналық нормаларды бұзып қылмыс жасаған.

«Елді қорғайтын – ерлер, ерлерді тәрбиелейтін – әйелдер» дейді дана қазақ. Осындай биік міндет жүктелген әйел-аналардың заңды бұзып, қылмысқа баруы салғырт қарайтын мәселе емес. Сондықтан әйелдердің қылмысқа бару себебін анықтап, кемшіліктерді жоюды кешуілдетуіне болмайды. Мәселен, жұмыс таппай, қаржыдан қысылып жүрген қыз-келіншектерге арналған әлеуметтік қолдау бағдарламаларын кеңейтудің маңызы зор. Алдағы уақытта медиация және пробация қызметінің мүмкіндіктерін күшейту де кезек күттірмейді. Бұған қоса, көмелетке толмаған балалары бар әйелдерге бас бостандығынан айыру жазасын азайту да өзекті.



Нұрсана ПРИМАСHEB,
Маңғыстау облыстық сотының
судьясы

АЙМАҚ АҚПАРАТ

Есірткінің соңы – тығырық

Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрында жазушы, драматург Мадина Омарованың «S.O.S» атты драма жанрындағы қойылымы көрермен назарына ұсынылды.

Қойылымда қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – нашақорлық тақырыбы қозғалады. Спектакль жасөспірімдердің адасуы, орта ықпалы, тағдырдың бір сәтте өзгеруі және зиянды әдеттердің адам өміріне тигізер салдары туралы ой қозғайды. Есірткінің дәмін алғаш татқызған кім, жауапкершілік кімнің мойнында деген сұрақтар арқылы қойылым көрерменді терең толғанысқа жетелейді.

Спектакльдің қоюшы режиссері – мәдениет саласының үздігі Аман Ғұмаров. Қойылым тобының құрамында костюм суретшісі Айдана Еңгебай, жарық қою суретшісі Ермек Мұхтарұлы, дыбыс режиссері Асылжан Асқаров, режиссердің ассистенті Еламан Иманбай бар.

Спектакль арқылы авторлар есірткінің соңы тек қайғы мен тығырыққа апаратынын көрерменге жеткізуді мақсат еткен.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ
АСТАНА ҚАЛАСЫ

Үздіктер марапатталды

Алматыда Beles Almaty 2025 спорт жылының қорытындысын шығару рәсіміне арналған салтанатты іс-шара өтті. Шара Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайында ұйымдастырылды.

Іс-шараға Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қатысты. Құттықтау сөз сөйлеген мегаполис басшысы Алматының спортты дамытудағы маңызды рөліне, сондай-ақ спорт қауымдастығының қол жеткізген нәтижелерге қосқан үлесіне тоқталды.

«Алматы қазақстандық спорттың алтын бесігі ретінде әділ мойындалған және бұқаралық әрі кәсіби спортты дамытуда жоғары талап қоятын жетекші спорт орталығы болып қала береді», – деді қала әкімі.

Шара барысында бірқатар аталымдар бойынша марапаттау рәсімі өтті. Сондай-ақ спорт жылының қорытындысы мен жаттықтырушылардың спортты дамытуға қосқан үлесіне арналған бейнематериалдар көрсетілді. Марапаттарды Алматы қаласының әкімі, Алматы қаласы мәслихатының төрағасы және Алматы қаласының Спорт басқармасының басшысы табыстады. Іс-шара мәдени бағдарламаға ұласты.

А.МӘУЛЕНБАЙ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Баспана кілті табыс етілді

Тәуелсіздік күні мерекесіне орай қала әкімі Ғабит Сыздықбеков бұған дейін Транспорт көшесі 5 және Нұрлыбаев көшесі 2 мекенжайларында тұрған 20 отбасына жаңа пәтерлердің кілтін табыстады.

Мегаполис басшысы отбасыларды қоныстойымен және мемлекеттік мерекемен құттықтап, денсаулық, бақ-береке және барлық бастамаларына табыс тіледі.

Р.НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

Жаңа мектеп – ел игілігіне

Түркістан облысында «Келешек мектептері» жобасы арқылы 29 мектептің құрылысы жүргізілді. Бүгін солардың бірі Мақтаарал ауданына қарасты Атакент кентінде ашылып, 1500 орындық мектеп қолданысқа берілді. Білім ошағының ашылуына Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров арнайы қатысып, жұртшылықты ғимараттың ашылуымен құттықтады.

– Бүгін Мақтаарал өңірінде сүйінші жаңалық болып жатыр. Ауданда тағы да заманауи мектеп бой көтеріп, оқушыларға есігін айқара ашты. Бұл – мемлекетіміздің білім мен ғылымға бағытталған стратегиялық саясатын көрсететін мәні зор оқиға. Мақтаарал ауданында ашылып отырған 1500 орындық жаңа мектеп – ауылдағы балаларға жасалған үлкен қолдау. Бұл заманауи білім ордасында оқушылардың терең білім алуына, шығармашылықты дамытуына барлық жағдай жасалған. Мұнда келешектің ойлы, парасатты және бәсекеге қабілетті жастары тәрбиеленеді. Бұл мектеп – тек оқу орны ғана емес, жас ұрпақтың азамат болып қалыптасатын айбынды ордасы, – деді облыс басшысы Нұралхан Оралбайұлы.

Жобаның құны 5,2 млрд теңгені құрайды. Ал ғимарат 14 710 метр аумақта орналасқан. Сыйымдылығы – 1500 бала. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ тапсырысымен құрылыс жұмыстарын «BCN Group» ЖШС компаниясы жүргізді. Мектеп заманауи талаптарға сай жабдықталған. Спорт залы, мәдениет залы, асхана, акт залы, оқу бөлмелері мәжіліс залы, арнайы пән кабинеттері бар.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Ақмола – көшбасшы

ҚР Үкіметінің отырысында Ақмола облысының инвестициялар өсімінің қарқыны бойынша елде бірінші орынға шыққаны айтылды. Көрсеткіш 52,3%-ды құрап, өңірдің тек ауыл шаруашылығында ғана емес, инвестициялық белсенділік бағытында да көшбасшылық танытып отырғанын дәлелдеді.

«11 айдың қорытындысы бойынша өңір экономикасына шамамен 750 млрд теңге көлемінде негізгі капиталға инвестициялар тартылды, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,5 есе жоғары. Мұндай нәтиже инвестициялық ахуалды жақсарту бағытындағы жүйелі әрі дәйекті жұмыстың жемісі», – деді облыс әкімінің орынбасары Ернар Жаркешов.

Өңірде халықаралық компаниялардың қатысуымен астықты терең өңдеу, тау-кен және өнеркәсіп салаларында ауқымды бастамалар жүзеге асырылуда. Жалпы көлемі миллиардтаған доллармен есептелетін бұл жобалар мыңдаған жаңа жұмыс орындарын құруды көздейді. Ірі инвестициялық жобаларды облыс әкімі жеке өзі сүйемелдеп отыр. Олардың қатарында Dalian Hesheng және Horefull Grain & Oil Group компанияларының астықты терең өңдеу зауыттары, Zijin Mining компаниясының Райгородок кен орнын дамыту жобасы, сондай-ақ Есіл ауданында East Hore компаниясының бидай өңдеу жобасы бар.

А.ТОҚАНОВ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

КӨЗҚАРАС

Қазақстанның болашағы – жастардың әлеуетіне тікелей байланысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жолдауларында, жастар саясатын ұлттық даму стратегиясының басты басымдықтарының бірі деп атап, оларды қоғамның қозғаушы күші ретінде сипаттады. Жастардың толыққанды әлеуметтенуі – олардың әлеуметтік, құқықтық, мәдени тұрғыдан қалыптасуы, азаматтық ұстаным қалыптастыруы елдің тұрақты дамуының кепілі болып табылады.

ӘЛЕУМЕТТЕНУ – КӨП ҚЫРЛЫ, ҮЗДІКСІЗ ПРОЦЕСС



Әлеуметтену – жас адамның қоғам өміріне бейімделуі, әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды меңгеруі, кәсіби және азаматтық рөлін анықтау процесі. Ғылыми зерттеулерге сәйкес, жастар әлеуметтенуінің ерекшелігі олардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени контекске байланысты әртүрлі факторлармен анықталады. Сонымен қатар, әлеуметтену процесінде отбасы, білім беру жүйесі, мемлекет және азаматтық қоғам институттары негізгі рөл атқарады.

Отбасы – тұлғаның алғашқы әлеуметтік ортасы, мұнда патриотизм, еңбекқорлық және моральдық құндылықтар қалыптасады. Мектептер мен колледждер жастарды тек біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, сыни ойлау, құқықтық мәдениет және әлеуметтік белсенділікті дамытуға мүмкіндік береді. Университеттік орта студенттердің кәсі-

би өзін-өзі анықтауына және әлеуметтік идентификациясына ықпал етеді.

Заманауи ақпараттық қоғам жағдайында цифрлық орта мен бұқаралық ақпарат құралдары жастардың әлеуметтенуінде маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік желілер мен онлайн-платформалар жастардың қарым-қатынасын жеңілдетіп, жаңа құндылықтық бағдар қалыптастырады, бірақ жалған ақпарат, кибербуллинг және интернетке тәуелділік сияқты қауіптерді де тудырады. Сондықтан цифрлық сауаттылық пен медиамәдениет – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Құқықтық әлеуметтену – жастардың қоғамдағы белсенді азамат ретінде қалыптасуының маңызды факторы. Жастардың құқықтық мәдениеті олардың азаматтық жауапкершілігін, қоғамдық бастамаларға қатысуын арттырады. Волонтерлік, қоғамдық жобаларға қатысу жастар-

КӨКЖИЕК

ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ

Бүгінде Қазақстан жастарының саны – 5 миллион 817 мың адамға жетті. Бүгінде олар ел халқының үштен бір бөлігін құрайды. Бастамашыл, дарынды, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары қазіргі жастар – елдің ертеңін қалыптастыратын негізгі буын, – дейді ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі 2025 жылды қорытындылау барысында.

Министрлік дерегінше, мемлекет тарапынан жастардың көшбасшылығы мен бастамасын қолдайтын «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты мен «Дарын» мемлекеттік сыйлығын тағайындауға арналған конкурстар дәстүрлі түрде өткізіледі. Мұнымен қоса, бір жыл ішінде «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының 2024 жылғы 30 жеңімпазы өз жобаларын жүзеге асырған. Әр жобаға мемлекет тарапынан 3 миллион теңгеден бөлініпті. Мәселен, Атырау қаласының тұрғыны Әнел Маратова даун синдромы бар балалардан құралған инклюзивті театр ашса, ал Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының магистрі Әнел Әубәкірова елдегі алғашқы этно-мюзикл құрған.

Мемлекеттің басым бағытта-рының бірі – жастарды жұмыспен қамту және қолжетімді тұрғын үй мәселелері. «Отау», «Наурыз» және «Наурыз Жұмыскер» жеңілдетілген тұрғын үй бағдарламаларының арқасында 5,7 мыңнан астам жас қазақстандық баспаналы болып, 17 өңірде жас мамандарға арналған өңірлік ипотекалық бағдарламалар жемісті жүзеге асыпты.

Соңғы үш жылда мемлекеттік қолдау жүйелі шараларының нәтижесінде жас кәсіпкерлер саны 12,1% артып, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,1% құраған.

Министрлік мәліметінше, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға арналған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы да қарқынды дамып, жастар ресурстық орта-

дың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастырады.

Мемлекет тарапынан жастар саясатын іске асыру әлеуметтенудің институционалды «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заң, мемлекеттік бағдарламалар негізін құрайды. Қазақстанда бағдарламалар мен жобалар жастардың білім алуына, жұмыспен қамтылуына, кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетуді көздейді. «Жас маман», «Диплом-

мен ауылға», «Жастар практикасы» сияқты бағдарламалар жастардың қоғамға бейімделуіне нақты үлес қосып отыр.

Сонымен қатар, Қазақстан жағдайында әлеуметтік әлеуметтенудің ерекшелігі – бұл көпұлтты, мультикультуралы қоғамдағы бейімделу процесі. Мәдени әлеуметтену жастардың өзін-өзі анықтауы, қоғамдағы орнын табуы және жаңа әлеуметтік нормаларға бейімделуінде маңызды рөл атқарады. Жастар субмәдениеті – музыка, стиль, хоби және қызығушылықтар арқылы көрінеді, бұл олардың әлеуметтік идентификациясын қалыптастырады. Субмәдениеттер жастарға шығармашылық белсенділікті дамытуға, жаңа идеялар мен жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан жастарының әлеуметтенуі – көпқырлы және үздіксіз процесс. Ол әлеуметтік институттар, білім беру жүйесі, құқықтық тәрбие, ақпараттық орта және экономикалық факторлардың өзара әрекеттесуінен тұрады. Мемлекет, отбасы және қоғамның бірлескен қолдауы нәтижесінде білімді, жауапты, белсенді және патриоттық сезімге толы ұрпақ тәрбиелеуге болады. Мұндай жастар – Қазақстанның тұрақты дамуы мен әлеуметтік әділеттілігінің кепілі.

Гүлмира КӨБЕГЕНОВА,
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің аға оқытушысы

тұруға өтініш берген азаматтарға тегін кеңес беру мен оқытуды бастап, қазіргі кезде өңірлерде 300-ден астам жұп оқу бағдарламасын сәтті аяқтаған.

«Бақытты отбасы» жобасы ажырасқан отбасылардың қайта татуласуына ықпал етіпті. 2024 жылы істердің 37,5%-ы татуласумен аяқталған, бұл кеңес беру және медиация шараларының тиімділігін дәлелдейді. Некеге дейінгі кеңес беру пилоттық жобасы оң нәтиже беріп, барлық өңірде кеңінен енгізу жоспарланған.

«Ата-аналар академиясы» және «Sauluq Life» жобалары жауапты ата-ана мәдениеті мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етуде. Отбасылық құндылықтарды дәріптеу мақсатында жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өткізіліп, оған 20 мыңнан астам қазақстандық отбасы қатысқан.

Қазақстандағы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелеріне арналған Ұлттық баяндама әзірленсе, гендерлік саясатты іске асыру саласында Қазақстан Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою және теңдікті нығайту бағытын ұстануды жалғастырады. Гендерлік стереотиптерді жою, құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау тәсілдері бойынша оқыту іс-шаралары тұрақты түрде өткізілмек.

Жас ғалымдар үшін Қазақстан қоғамдық даму институты мен «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының сайттарында жастар, отбасы және гендерлік саясат салаларындағы өзекті зерттеулер қолжетімді.

Сонымен қатар ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті ұйымдастыратын алаңдарда, конференциялар мен форумдарда зерттеулер ұсынуға мүмкіндік бар.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттері- не және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғаса- ды. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қала- сындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

3. «ARDALA.LTD» ЖШС (БСН 160640023203) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жария- ланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабыл- данады: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Байтұрсынұлы көшесі, 41-үй, 176-пәтер, тел. 87058404483.

4. «Облесов» ЖШС (БСН 220840017236) өзінің таратылатыны ту- ралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Қарбышев көшесі, 64/1-үй.

5. «АК-ДЭН» ЖШС (БСН 971040002514) (Астана қаласы, Са- ры-Арқа ауданы, Желтоқсан көшесі, 38/1-үй, 2-кеңсе) өзінің тара- тылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Дүкенұлы көшесі, 1-үй, 54-пәтер, тел. +77015222879.

6. «GitLab.Asia» ЖШС (БСН 220440020438) (ҚР, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 7-үй, 33-пәтер.) өзінің тара- тылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 9/2, 63-пәтер, тел. +77757285612.

7. «Мерген-2014» ЖШС (БСН 140740008662) (010000, Астана қаласы, Сары-Арқа ауданы, Күмісбеков көшесі, 6/1 үй, 51-пәтер), өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 7-үй, 263-кеңсе. Тел. +7 702 197 03 06.

10. «ACV Import» ЖШС (БСН 050940010414) (Алматы қаласы, Жиенқұлов көшесі,98-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлай- ды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ал- маты қаласы, Керемет ықшам ауданы, 5-үй, 19-корпус, 167-пәтер, тел. 87077331028.

11. «ZEMA GROUP» ЖШС (БСН 230740041663) өзінің таратылға- нын хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ш.Уәлиханов көшесі, 23- үй, корпус 1, 105-пәтер. Тел. +7 747 856 09 70.

12. «Mr. Alan Language Centre» ЖШС (БСН 180140009824) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жа- рияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қа- былданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Торайғыров көшесі, 19А үй, т.е.б. 404. Тел. +7 706 421 02 21.

13. «Zenith Lab» ЖШС (БСН 030340008952) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жария- ланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабыл- данады: ҚР, ШҚО, 492000, Өскемен қаласы, Буров көшесі, 12-үй, 26-пәтер, тел. +77057612038.

14. «KAZFARM 2024» ЖШС (БСН 231240017843) (Астана қаласы, 010000, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 17-үй, 473-корпус, 473-пә- тер.) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына ме- кенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 34/1, 407-кеңсе, тел. 87052648933.

15. «OTAN-QARMAQSHY» оқу-өндірістік орталығы» ЖШС (БСН 190840015757) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Та- лап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Тәки Құлмұратов көшесі, №91 ғимарат.

18. «AkmoLInform» ЖШС (БСН 250840014960) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарлан- дыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекен- жайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Бірлік шағын ауданы, Арай көшесі, 1-үй.

20. «Шаңырақ-38» Мүлік иелерінің бірлестігі (ЖСН 201240027082) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру хабарланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойын- ша қабылданады: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Шаңырақ шағын ауданы, 38-үй, 12-пәтер, тел. +77000979095.

24. «QazAimак» ЖШС (БСН 140440017244) өзінің таратылаты- ны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жа- рияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Әбубәкір Тыныбаев көшесі, 132-құрылыс, индекс 040000.

28. «76 MILD OIL» ЖШС (БСН 050640011283) өзінің тараты- латыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай- да қабылданады: Қарағанды қаласы, Ипподромный көшесі, 5. Тел.: +77017307029.

29. «Орион Плюс КZ» ЖШС (БСН 030640012515) өзінің тара- тылуын хабарлайды. Талап шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы ауданы, Әбдіров даңғылы, 5 құрылым.

ӨРТУРА

16. «Kolesa Rent» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 210140022433), «JET Group Ltd.» Жеке компаниясына (БСН 210640900458) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылғаны туралы шешім қабылданғанын хабарлайды. Кредиторлардың талаптары мен наразылықтары мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 502-үй, 401-кеңсе, индекс 050012. Тел.: +7 707 308 80 33.

17. «JET Group Ltd.» Жеке компаниясы (БСН 210640900458) осы арқылы «Kolesa Rent» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 210140022433) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылғанын хабарлайды. Қайта ұйымдастыруға байланысты «JET Group Ltd.» Жеке компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «Kolesa Rent» ЖШС-нің барлық құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады. Кредиторлардың талаптары мен наразылықтары мына заңды мекенжай бойынша қа- былданады: ҚР, Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 50/3, н.п. 5, сондай-ақ +7 707 308 80 33 телефоны арқылы хабарласыңыздар.

19. Алматы қаласы Медеу аудандық сотында Смаилова Бану Аскаровнаның арызы бойынша тұрғылықты мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қонаев көшесі, 15-үй, 53-пәтерде тұрған, 1980 жылғы 19 сәуірде туған Алексей Владимирович Урван- цевті, қайтыс болған деп жариялау туралы азаматтық іс жүргізу қабылданды. Аталған азаматтың жүрген жері туралы мәліметтері бар адамдарға жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімге бұл туралы ақпаратты Алматы қаласы Медеу аудандық сотына, мекенжайы: Алматы қаласы, Нүсіпбеков көшесі, 34, тел.: 8 (727) 333-12-99, 8 747 805 47 32 хабарлауды сұраймыз.

22. КОНКУРС ӨТКІЗІЛЕДІ !

1. «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ 2026 жылғы 22 қаңтарындағы Қызыл- орда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс №91, Қызылорда облысы әкімдігі ғимаратының 4 қабат, 429-кабинет жолаушылар мен багажды автомобилмен республикаішілік тасымалдау мар- шруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:

2.1 Ауданаралық (қалааралық, облысішілік) тұрақты авто-бус маршруттары: Қызылорда-Бесарық, Ақарық-Қызылорда, Жаңақорған-Шиелі, Тереңөзек-Қызылорда, Шаған-Қызылорда әлеуметтік мәні бар тұрақты автобус маршруттары: Ортақшыл-Қы-зылорда, Тұрсынбай Датқа-Қызылорда, Тоқмағамбет-Қызылорда, Аққыр-Қызылорда, Қаратерең-Әйтеке Би.

2.2 Облысаралық қалааралық тұрақты автобус маршруттары: Әйтеке би-Ақтөбе, Төретап-Түркістан, Арал-Әйтеке би-Түркістан, Қызылорда-Тараз, Әйтеке Би-Қызылорда-Атамекен.

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез кел- ген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер «Қызылорда облысы- ның жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1, Қызыл- орда облыс әкімдігі ғимаратының 4 қабат, 429-кабинет бойынша ұсынуы тиіс.

5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2026 жылғы 8 қаңтар сағат 18:00 дейін.

6. 2025 жылғы 29 желтоқсанда сағат 10:00 конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конфе- ренция өткізеді.

7. Анықтама алу үшін телефондары: 8 (7242) 60-54-75, 60-54-77.

23. 2026 жылғы 6 қаңтарға тағайындалған «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы Ал күн тәртібіне өзгерістер енгізу туралы (жиналысты шақыру туралы хабарландыру 2025 жылы 2 желтоқсандағы № 91 (3819) «Заң газеті» басылымында жарияланды) «Шығыстүстімет» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (бұдан әрі – Серіктестік), (Атқа- рушы органын орналасқан жері: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Про- тозаков атындағы көшесі, 121) өз қатысушыларын хабардар етеді, Серіктестік қатысушысы- ның өтінішіне сәйкес және Қазақстан Республикасы «Шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 46-бабына сәйкес, Серіктестік Басқармасының шешімі бойынша 6.01.2026 ж. тағайындалған қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертіліп, келесі редакцияда ұсынылды: 1. Серіктестік (Басқару) органдарының құрамын анықтау; 2. Серіктестікпен мәмілелер жасауға келісім беру.

25. «TG Al-Farabi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 230540013730) жарғғылық капиталдың 450 000 (төрт жүз елу мың) теңгеге дейін төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабар- ландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Ахмедья- ров көшесі, 25А үй.

26. «TG MED» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 230840040371) жарғғылық капиталдың 450 000 (төрт жүз елу мың) теңгеге дейін төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабар- ландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Ахмедья- ров көшесі, 25А үй.

27. Ақмола облысының МАЭС-і 17.12.2025 жылғы ұйғарымымен «ХПП Красивое» ЖШС-не қатысты (БСН 120240016057) оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар төмендегі мекен- жайы бойынша бір ай ішінде қабылданады: Астана қаласы, Босаға көшесі, 3-үй, 2-пәтер Тел.87015110243. E-mail: u_zhanat0203@mail.ru.

21. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Рес- публикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпиде- миологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурс (бұдан әрі – конкурс) жариялайды.

Конкурстың өткізілетін орны: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәң- гілік Ел даңғылы 10, «Kazyna Towers» әкімшілік ғимараты.

Кәсіпорынның орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республика- сы, Астана қаласы, Достық даңғылы, 18.

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: ха- лықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамта- масыз ету.

Конкурс мүшелеріне қойылатын талаптар: жоғары білімі, сон- дай-ақ мынадай талаптардың біріне сәйкес келуі:

- 1) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (не- месе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі;
- 2) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні және (немесе) эконо- мика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласын- да басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерде мүшелік.
2. Байқау кеңесінің мүшесі ретінде:
 - 1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
 - 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабыл- данғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
 - 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
 - 4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпо- рын басшысымен жақын туыстық және жекежаттық қатынастағы адам сайланбайды.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін түрде);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін түрде);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растай- тын құжаттың көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығының және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсі- би деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының бас- шылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушы- ның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетіледі. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Құжаттарды қабылдаудың басталатын күні мерзімді баспасөз басылымдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналысты- рылған күні болып айқындалады.

Құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы 10, «Kazyna Towers» әкімшілік ғимараты мекенжайы бойынша Қа- зақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитари- ялық-эпидемиологиялық бақылау комитетіне ұсынылуы тиіс, теле- фон 8 7172 742 622, электрондық пошта мекенжайы: a.khanafin@ dsm.gov.kz.

Конкурсты өткізу күні – конкурсқа қатысу туралы өтініштерді ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейінгі жұмыс күні.

Кандидаттың конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкестігіне жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық- эпидемиологиялық бақылау комитетінде әңгімелесу жүргізіледі.

МҰРАГЕРЛІК

8. 6.07.2025 ж. қайтыс болған Әбдімомун Мақсұт Әбдіқай- ымұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке ке- лүлеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

9. 21.11.2025 ж. қайтыс болған Ақпанов Ағынай Түменбай- ұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке ке- лүлеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

2. Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен ҚР Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ау- данаралық сотының судьясы Самал Рахымқызы Ариноваға әкесі

Рахым Әрінулының

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл ай- тады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
E-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIOPO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

«Назар-1» Фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймер-денов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қос- танай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл- орда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді кө- шесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қа- бат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

Ж

(Жалғасы. Басы өткен санда)

– Дұрыс, өзің банк қызметкері болған соң білесің. Бізден гөрі не-сие бөліміндегілердің қалтасы қалың. Ондай бірде бар, бірде жоқ нәрсемен көл-көсір бола алмайсың.

– Сіз қызықсыз, мен талап қоюдан аулақпын.

– Мен жоқтықтың құрсауында өскен адаммын. Сол үшін қалайда байлыққа жетем деп, өз-өзіме ант еткенмін.

– Маған ондай ант бермегенсіз. Менің жылап жатқан балам жоқ. Бір басымды қалай да асыраймын. Сіз жөнінде қателескенімді енді түсін-дім. Сайраш шорт бұрылып, төменге беттеді.

Ұялы телефон ызылдады.

Банкирдің ашулы үнінен сәл то-сылып қалған рәсепшен:

– Жүрсін Манарбекұлы, қаржы по-лициясының адамдары келіп, сізді күтіп отыр, қашан келесіз? – деді.

– Қазір.

Ол холдағы жұмсақ диванда теріс қарап жатқан келіншегінің жанына сәл аялдады да, тез басып, шығып кетті.

Далада дауыл. Бірінен-бірі қалғы-сы келмей, бәсекелесе көшіп бара жатқан бұйра бұлттар қаланың үстімен жылыстап барады. Бастығы-ның түнерген түрінен сескенген жүр-гізуші ләм-мим демей рөлге жабысты. Әр-жерде тиіп-қашып жұмыс істеп жүріп, бір жабайы ағайындарының жәрдемімен банк орынбасарының шопырлығына әрең қол жеткізген. Су жаңа джипке де әлі қызығы басыл-маған. Бастығының аяқ астынан неге сонша көңілі бұзылғанын біле алмай, дел-сал.

4 МЫРЗА

Кеш келіп, төсегіне құлай кеткен Айдарды әлдекімдердің теке-тірескен шаң-шұң дауысы оятты. Үй иесі Мыр-за тері жинайды. Бұрын ауылда за-готовитель болған ол қалаға көшіп келген соң, лайықты кәсіп таба ал-май, ірі қараның терісін жинап, оны тон тігітін түріктерге өткізумен айна-лысты. Бұл сауда-саттығы күнкөріске жарағанмен, айкай-шуы жетерлік. Кейбір ақкөздер шұрық-тесік терісін әкеп тұрса да, «ананікін аласың, менікін неге алмайсың, көрсетейін саған көрімді, кімді басынып тұрсың!» деп жұдырығын ала жүргізгенде, үй иесі банкте құзетші болып жасайтын пәтершісі Айдарды көмекке шақы-ратын. Жуан жұдырықтар аласа үй-дің есігінен екі бүктеліп шығып келе жатқан алпамсадай алыпты көрген-де, байтал түгіл, бас қайғы дегендей, алды артына қарамай зыта жөнеледі. Сырттан тағы да «сигнал» түсе ме деп жатқан жігіт даладағы дауыстар алыстап барып, тым-тырыс болғанда ғана, қайтадан көзін жұмды. Бірақ таңғы тәтті ұйқыдан оянып кетіп, енді ұйқысы келмей қойған соң, терезе-ден сары жапырақтары сиреп, си-диып қалған қарағайларға көз тікті.

Күн бүгін де бұлтты. Терезе әй-нектеріндегі тамшылар бәйкүнә қыз-дың көз жасындай мөлдіреп тұнып қалған. «Қаланың қыздары жыла-майды, ақша ұстатсаң, ойыншыққа алданған баладай, мәз-мәйрам...» жі-гіт әлденеге езу тартты да, орнынан тез тұрып, киіне бастады.

Баршағұл Айдардың тұрып жатқа-нын байқап:

– Ояндың ба, бүгін ерте тұрдың ғой, әйда, шәйге кел, жаңалық көп, – деп ішкі бөлмеден асүйге бара жа-тып дауыстады. Үй иесі шәй үстінде айтылатын қызық әңгімеден құр қал-атындай:

– Не күбірлеп жүрсің? Естіген-біл-геніңді, асықпай-саспай шәй ішіп отырып айтпаймысың, – деді кейісті үнмен.

– Айдардың оянғанын күтіп, жаңа-лықты екеуіңе бірдей айтайын де-генім ғой. Бір банкирді саяжайында өлтіріп кетіпті.

– Неге өлтірген? – жаман хабарға әбден құлағы үйренген Мырза жай-барақат сұрады.

– Қайдан білейін. Ақша үшін шығар.

– Им... бұл пәле жоқ болса да жа-ман, бар болса да жаман.

Денесін әрең көтеретін қара ала мысық пысылдап келіп, Айдардың қолына сүйкенді. Бір түйір бауырсақ тастады.

– Көрші үйден сүт әкеп бергем. Бауырсаққа тісі өтпейді. Кәрі мысық қой, – Баршағұл кесесін ерніне апара беріп, қолын сілтеді.



БАНКИРДІҢ ӨЛІМІ

Мысық бауырсақты әп-сәтте жеп қойды.

– Қараңыз, тісі өтпейді дейсіз, бір-ақ асады, – Айдар асқазанына нәр барып, пырылдап ұйқыға кеткен мы-сықтың арқасынан сипады.

Айдар осы үйдің иесімен қалаға келер жолда танысқан. Мырзаның ауыл жақтағы бір ағайындарынан қайтып келе жатқан беті екен. Жа-нында терезеге қарап, үнсіз отырған жігітті сөзге өзі тартқан.

– Қалаға жұмыс іздеп бара жатқан шығарсың ?

– Иә, әскерден келгеніме біраз болды. Отыра-отыра ішім пысты.

– Бү жақта таныстарың бар ма?

– Бірге болған жігіттер шақырған.

– Шақыруын бәрі шақырады.

Тоқтайтын жерің бар ма?

– Жоқ. Біз бұл жақтікі емеспіз.

– Оралманбысың?

– Тараздан көшіп келдік. Ше-шемнің төркіндері осында.

– Е, нағашы жұртың да бөтен емес қой. Әкең бар ма?

– Әкем бе... – жігіт күмілжіп қал-ды, – Әкемнің басқа отбасы бар.

– Е, тағдыр деген сол. Біреу бала-ның басқан ізіне зар болса, біреу бар баласын тірідей жетім етеді. Қо-на-тын жерің болмаса, біздің үйге жүр. Сосын шақырған достарыңды тауып аларсың.

Көрмеген жердің ой-шұқыры көп дегендей, қобалжу үстінде келе жатқан жігіт қуанғаннан алғысын жаудырған. Сол келгеннен осы үйде тұрып қалды.

Ерлі-зайыптылардың өз кіндіктері-нен бала жоқ екен. Ағайындарынан асырап алған баласы, есейген соң әке-шешесін тауыпты. Кешегі жеке-шелендіру тұсында бұлар тұратын ұжымшар пайға түсіп, мал-мүлік та-лан-таражға ұшырағанда, Мырза сия-қты орта буын өкілдері күнкөрісінен де, үйреніскен ортадан да айырылып, ұшарын жел, қонарын сай біліп қа-лады.

Азғантай жиған-тергенін шашып алмай тұрып, баспана алып қалу қамына кіріскен ол қаланың ар-занқолдау «Шанхай» жағынан, жер үй сатып алды. Содан соң, күнкөріс қылатын кәсіп іздеп көріп еді. Жұмыс іздеп жүргендерден аяқ алғысыз қа-лада қолайлы ешнәрсе табылмады. Баршағұл совхозда кассир болған. Ол білімі де мұнда ешкімге керек бол-май қалды. Екеуі бірдей жарға қа-рап қалған соң, отағасы ауылда істеп қалған кәсібінің ізімен, тері жинауға кіріскен. Бір ауылдағы араға таныс-тарын салып, оны-мұны қағазын жа-сап, патент алып берген соң, тексе-рушілердің діңкілдеген тоқпағынан құтылып, ісі оңға басқан.

Үйінің жанына «Ірі қараның терісін аламын» деген жарнама іліп қойып, жұмысқа кіріскен Мырзаның ауыл арасындағы тіршілігі мен мұн-дағысының арасы жер мен көктей екендігіне күн санап көзі жетті. Қа-лай десең де ауыл адамдары көнбіс.

шағұл жас жігіттің кеудемсоқ мінезін жақтырмай, қабағын шытты.

БАНКИРДІҢ ӘЙЕЛІ

Күндегі жұмыс орнына отыры-сымен жорналға үңілген Айдар сыңа-рының есіктен кірген қара көздірік-ті келіншектің алдына түсіп құрдай жорғалағанын көріп, назарын солай аударды да, сол бойы өз көзіне өзі сенбей, сілейіп қалды. Жанна! Өзінің алғашқы албырт сезімі! Алғашқы махаббаты! Оның қасіретін қанша-ма жыл тартты десеңші. Енді ғана ұмытыла бастағанда, алдынан қай-та жалт еткені есінен адастыра жаз-дады. Қыздың мектептегі достары қойған жапсырма аты Жанна Д'Арк. Нәп-нәзік қыз ашуланғанда, кіммен болса да, жұдырықтаса кетуге дайын тұратындықтан, сыныптастары оған осылай ат қойған. Екеуінің арасын-дағы тартылыс сезімі мектеп бітір-ген кеште одан әрі тұтанып, ессіз сезімге еліккен екі жас, арада ай өт-кенде, екеуі екі жаққа оқуға аттанып, бір-бірінен көз жазып қалған-ды.

...Арада бірнеше жыл өткенде, кенеттен жүздесе екеуінің де үш ұй-ықтаса түсіне кірмеген нәрсе болса керек. Аң-таң болып қалған Айдар одан көзін алмай, орнынан тұрды. Сыңары Тұрсын оның біресе ана

ЖАҒЫНА

жағына, біресе мына жағына шығып, жік-жапар боп, жалпылдап жаны қалмауда.

Үлкен қара көздері от шашқан сұлу:

– Бастығың бар ма?– деді қатқыл үнмен.

– Жанна Жарасовна, сіздің кел-геніңізді хабарлай қояйын.

Тұрсынның ісіңкі көздері бұрынғы-дан да жұмылып, екі бүктелгені сон-ша, көдімгі сиқыршыдан аумай қал-ды.

– Шефтің жұбайы келіп тұр деңіз. – Сізге әр уақытта есік ашық қой. Бастық өзінде, – деп алдына түсіп, бүлкілдей жөнелді.

Тұрсынның соншама жағымпазда-нуынан өзін жайсыз сезінген келін-шек Айдардың жанына сәл кідірді. Оның кезінде: «Жерден шықтың ба, көктен түстің бе? Осылай кездесем деп ойламаған ем?!» деген сауал тұр-ды. Көрмегелі бес-алты жылдың жүзі өтсе де, онша өзгере қоймаған Жан-наны Айдар көзімен ұзатып салды.

Мектепте жүргенде бірін-бірі көз-ден таса қылмай, бір сәт көрмесе іздеп жүретін екі жас мектеп бітір-ген кеште бойларың билеген бал сезімді билей алмай, тағдырларын мәңгі қосқандай болған. Содан соң қыз оқуға түсті де, Айдардың үйі ол жақтан біржолата қоныс аударды. Сөйтіп екеуінің жолы екіге айрылған. Ауыр ойға шомған Айдар оның кідір-мей, іштен шығып келе жатқанын көрді. Жанынан өте беріп, бір тілім қағазды үстелінің үстіне тастай сал-ды. Сыртқы есік ашылғанда, қара-ма-қарсы соққан желден қағаз ана-дай жерге ұшып түскенде, жалма-жан көтеріп алған Тұрсын:

– Жанна Жарасовна, қағазыңыз түсіп қалды, – деп соңынан жүгірді, оған жақтырмай, зілдене қараған сұлу:

– Ол менікі емес, ана серігіндікі, – деді.

Қағаздағы жазуға көз жүгіртіп үл-герген Тұрсын бұл екеуінің арасында бір жасырын сырдың барын білген-дей, жымсықы күлкімен жымыды.

Оны байқап қалған Айдар:

– Жанна екеуміз бір мектепте оқығанбыз. Бұл жерде кездестірем деп ойламаған едім, – деп ақталды.

– Ой, сұм бала, мектепте оқыған-нан да басқа сырларың бар шығар. Әйтпесе, саған записка жаза ма? Не-мене мынадай сұлу әйелмен, бас-тықтың әйелімен жақын болу жа-ман емес. Хе ... хе мынадай әйелдің басқан ізін сипаудың өзі бақыт қой.

– Сандалма, сенің осындай арамза екенінді білсем, жаныма жолатпаған болар едім, – Айдар орнынан жұды-рығын түйіп атып тұрғанда, жоғары-дан түсіп келе жатқан банкир:

– Кезекшілікте отырып, төбеле-сейін деп пе едің! Асықпа, мен сенің мәселенді шешемін! – деп саусағын безеді.

Ашудан булыққан Айдар қолын-дағы қағазды төс қалтасына салды. Онда «Айдар, сенімен осылай кез-десем деп ойламаған едім. Бұл да

тағдырдың тәлкегі болар. Сенбі күні, кешкі сағат 9-да «Тау самалы» ка-фесіне кел, күтемін. Жанна» деген жазу тұрды. Белгілеген мерзімде ка-фенің жанына барған жігіт джиптен түсіп жатқан келіншекті көріп қарсы жүрді. Қара көйлек киген талдырмаш денелі сұлу Айдардың қолын алып, жеңіл күрсінді де, ішке кірейік, де-гендей ишарат жасады. Кафе ішінде адам аз. Бұрыш жақтағы оңашалау үстелге жайғасқан соң :

– Сені қонаққа мен шақырдым. Сондықтан ас мәзірін алып, тапсырыс бере бер. Ақшасынан қысылма, мен төлеймін, – деді.

– Асқа зауқым жоқ.

– Менің де, бірақ кафеге кірген соң, ас ішіп отырмаса болмайды.

– Жақсы.

Айдар тапсырыс берді де, қар-сысында отырған Жаннаға қайта көз салды. Жылдар бойы түнде түсінен, күндіз ойынан шықпаған ғашығы жа-нында отырса да, алыстап кеткендей суық, жат.

– Сенен көз жазғалы бастан кеш-кендерімді айтайын, тыңда, – деді ол жүзін төмен салып. – Мектеп бітір-геннен кейін жұбымыз жазылмаған бір ай мен үшін бар өмірімнің енді қайталанбайтын қызығындай, ең бақытты шағымдай боп есімде қал-ды. Сенің үйің ауылдан көшіп кеткен соң, әке-шешем мені Алматыға оқуға жіберді. Мектепті алтын медальмен бітірген маған оқуға түсу қиын бол-мады. Мен үшін тағдырдың ащы сыны алда екен. Оқуға түсіп, студенттік өмір басталысымен, тұла бойымдағы өзгерісті байқай бастадым. Ақыры анама екеуміздің арамызда болған оқиғаны айтудан басқа амалым қал-мады. Анам бұл сұмдықты естігенде, жылап-сықтап, басқа шарасы қал-маған соң, шарлы шаһарды шар-лап жүріп, бір татар кемпірді тауып, маған түсік тастатқызды. Кемпір бала есіп кеткен деп азарда-бездер болған-мен, аяғына жығылып, ағыл-тегіл болған анамды аяп, мені үйіне алып қалды. Күніне бір дәріні ерітіп ішкізіп, он бес күн дегенде түсік тастатып тынды. Содан соң да сені іздеп, та-лай хат жаздым. Таныстардан сұра-дым. Бірақ сен құмға сіңген судай ешбір хабар-ошарсыз сол кеткеннен мол кеттің. Мүмкін сол кездегі қиын-дықтармен, байланыс та дұрыс жұ-мыс істемегені себеп болған болар. Сенен әбден күдерімді үзген соң, оқу аяқталар уақытта, бес жыл бойы қыр соңынан қалмаған Тұранға тұр-мысқа шықтым. Бәрібір жатсам-тұр-сам сені есімнен шығара алмадым, балалы болсам, көңілім бөлініп, тағ-дырдың маңдайға жазғанына көндігіп кетермін деп, дәрігерге барғанымда:

– Сіз бала көтермейсіз. Себебін өзіңіз білесіз дегенде, төбемнен біреу суық су құйып жібергендей болды.

Мен өзімнің орны толмас қателік жіберіп алғанымды, сонда ғана біл-дім.Бірақ бәрі кеш. Тұран біреудің жалғыз баласы. Ақыры ойлап-ойлап, оның обалына қалмауды жөн көрдім. Тұранға «Мен бала көтере алмай-мын. Сенің бағыңды байламайын, маған рұқсат бер» деп жалындым. Ол мені коммерциялық есеп-қисабын жүргізетін менеджері, оған қоса екін-ші әйелі етіп ұстағысы келді. Бұл мен үшін – ең ауыр жаза.

Осы кез Айдардың ұялы телефо-ны шырылдады:

– Айдар қайдасың? Маған өзіңізге айтқандай «телехранитель» керек боп тұр. Келе аласың ба?

– Дария, кешірім өтінем. Мен бір ескі досыммен кездесіп отыр едім. Бү-гін бара алмаймын. Ертеңнен бастап, сізге қызмет көрсетуге әзірмін.

– Қызың ба?!

– Учаскелік дәрігер.

– Жақсы, Айдар, менің де уақы-тым болды. Алдағы уақытта саған тек бақыт тілеймін!

Жігіт оны көлігіне дейін шығарып салып, уческелік дәрігердің нөмірін қайта терді.

– Сізге қызмет көрсетуге дайын-мын.

– Тез босапсыз ғой. Шақырған жерге барып та келдім. Үйде жалғыз-бын. Қонаққа келіңіз. Қыз үйінің адресін айтты.

– Жарайды. Сізбен біраз көңіл кө-теруге қарсы емеспін, – деп әзілдеген Айдар такси ұстап, қыздың үйі бетке алды да, Жаннаның жүрегінің жылуы қалғандай тілдей қағазды ұзақ сипа-лап, төс қалтасына салды.

Сол қағаздан басына бәле үйі-рілетіні ойына келмеген нәрсе еді...

Зияш ТЕЛЕУОВА

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана
Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы
Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы
Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы
Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы
Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы
Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы
Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадира Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы
Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6052 дана
Апталық таралым 12104 дана
Тапсырыс №194 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпо-рация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31